

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2020 жылғы 15 маусым

**ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ломбардтарға, онлайн-компанияларға және микроқаржы ұйымдарына тексеру жүргізуде**

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 26 ақпандағы кеңесте берген тапсырмасын орындау мақсатында Агенттік ломбардтардың қызметін заңнама талаптарына сәйкестігі, қаржы пирамидасының белгілерін және заңсыз банк қызметін анықтау тұрғысынан тексеру бойынша шаралар қабылдады. Тексерулер ҚР Бас прокуратурасымен, ҚР Қаржы министрлігімен және ҚР Ішкі істер министрлігімен бірлесіп жүзеге асырылуда.

2020 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстанның 17 қаласында 276 ломбардқа, халыққа қарыз беретін 11 онлайн-компанияға және 1 микроқаржы ұйымына тексеру жүргізілді.

Агенттік Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен халықтың, шағын және орта кәсіпкерліктің қарыздары бойынша негізгі борыш және сыйақы сомаларын төлеуді тоқтата тұру туралы тапсырмасын орындау мәселелерін тексеруде. Бұдан басқа, Агенттіктің тексеру мәселелерінің аясына сыйақыны дұрыс есептеу, микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (ЖТСМ) шекті мөлшерін сақтау, айыппұлдар мен өсімпұлдар есептеу, бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және жүргізу, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (КЖ/ТҚҚ) туралы заңнаманың талаптарын сақтау кіреді.

Прокуратура органдарымен бірлесіп, Агенттік қаржы пирамидасының және заңсыз банк қызметінің белгілерін тексереді. Мемлекеттік кірістер органдары камералдық бақылауды қоса алғанда, салықтық есепті ұйымдастыру және жүргізу мәселелерін тексереді. Ішкі істер органдары үй-жайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды тексеруді, талап етілмеген кепіл мүлкінің ұрланған немесе заңсыз жолмен алынған мүлікті анықтау тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады.

Тексерулердің **алдын ала** нәтижелері бойынша ұйымның есеп саясатының болмауы бөлігінде бухгалтерлік есепті ұйымдастыру мен жүргізу, операцияларды бухгалтерлік есепте тиісті түрде көрсетпей жүргізу, жасалған қаржылық есептіліктің болмауы; Кредиттеу қағидаларына сәйкес келмеу, сондай-ақ қарыз шартының сәйкес келмеуі бөлігіндегі; жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (ЖТСМ) 100%-на асып кету және қарыз шарттарында ЖТСМ-ды көрсетпеу; бір жылдан астам мерзімге қарыз беру бөлігінде; кепілге салынған мүлікті сатқаннан кейін қарыз алушыдан берешектің қалдығын талап ету құқығы бөлігінде; Ұйымның жарғысында көрсетілген қызмет

түрлерінің сәйкес келмеуі сияқты жүйелі бұзушылықтар және басқа бұзушылықтар анықталды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша тиісті жауапкершілік шараларын анықтау және қолдану мақсатында оларды жіктеу жүзеге асырылады.

Анықтама үшін: 2020 жылғы 1 шілдеге дейін ломбардтар, кредиттік серіктестіктер және онлайн-кредиттеу компаниялары микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар ретінде Агенттікте есептік тіркеуден өтуге тиіс.

Сонымен қатар Агенттік микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер және ломбардтар үшін жарғылық және меншікті капиталға қойылатын жаңа талаптарды белгілеу мерзімін 2020 жылғы 1 шілдеден 2021 жылғы 1 қаңтарға ауыстырды («Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 сәуірдегі №55 [қаулысы](#)).

**Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мына жедел желі телефондарына хабарласыңыз:**

**+7 (727) 2788 144 және +7 (727) 2788 122**

**(жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма сағат 9.00 - 18.30 аралығында, сенбі – сағат 9.00 - 14.00 аралығында, жексенбі– демалыс)**

**e-mail: [Fingramota@finreg.kz](mailto:Fingramota@finreg.kz), [TAL@finreg.kz](mailto:TAL@finreg.kz)**

**[www.finreg.kz](http://www.finreg.kz)**